

ӘӨЖ 64.47.29

ҰЛТТЫҚ «ТӨСЕК АҒАШ» ЖИҒАЗЫНЫҢ КОМПОЗИЦИЯСЫ

Қарабалин Оразбай Төлегенұлы

E-mail: Oraz_74@mail.ru

Л. Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің магистранты

Астана қаласы, Қазақстан Республикасы

Ғылыми жетекші – Ә.К. Бәйдібеков

Қазақ халқының қолөнер тарихы тым тереңде екеніні нақты. Ұлттық жиһаздарымыз эстетикалық құнды, өзіндік ерекшелігі мен композициялық әдістерге толы, сондай-ақ, көркемдік дәстүрге, сәнді қасиеттерге, бейнелеу ерекшеліктеріне және тұтастай алғанда заттық ортада көрінетін әдемі және талғампаз ерекшеліктерімен бағаланады.

Мақалада қойылған міндет ұлттық жиһаздардың пішінін, жиһаз конструкциясын, құрылымын, тектоникасын, түстік қатынасын, ою-өрнекпен әшекейленудегі орындау әдістерін қолдануы мен тәжірибедегі шеберліктерін жіктеп түсіну үшін нысанның композициясын қарастырамыз.

Композиция өнердің барлық түрлеріне тән, композиция әдістер мен заңдылықтарды пайдаланып білу ұйымдастыру шеберлігі болып табылады. Композиция жалпы ұйымдастыруында тұтастай көру, бірлік, симметрия мен ритм сияқты композицияның үрдістері бейнелеу өнерінің басты заңдылықтары. Бұл қолөнер шеберінің, суретшінің, сәулетшінің, әр түрлі өнер өкілдерінің ынтымақтастығының негізі болып табылады және өнер синтезі деп аталады. Композицияны зерттеу арқылы өнердің даму үрдісін, оның қалай

өзгергенін, шеберлердің бізге композициялық шешімдерінің құпияларын түсінуге болады. Сонымен композиция - нысанның тұтастығын беретін, оның құрамдас бөліктерін бір-біріне бағындыратын маңызды әдістердің бірі. Композиция арқылы болашақ нысан үшін жобаны ұйымдастырып, оның тұтастығын, айқындығы мен үйлесімділігін қамтамасыз ететін ережелер мен әдістер жүйесін түсінеміз.

Өткен дәуірлерде жасалған жиһаз пішіндерін біздің қазіргі тәжірибемізде байланыстыра отырып, олардан заманауи жиһаз, өзіндік ерекшеліктерін және даму үлгісін дұрыс түсінуге және дұрыс бағалауға үйренеміз. Ұлттық жиһаз туындыларымыз функциясы мен эстетикасы, ыңғайлылығы мен сұлулығы және тәрбиелік орыны ерекше, төрден табалдырыққа дейін реттімен орналасып, халқымыздың тұрмыстық мәдениетімен қалыптасып бізге жетті.

Қолөнер шеберлеріміз ыңғайлы әрі сұлу ұлттық жиһаздың композициясына табиғатты тану арқылы қол жеткізді. Е.В. Шорохов өз еңбектерінде «нысанның үйлесімі, белгілі бір тәртіппен бөліктердің қосылуы, олардың тұтас үйлесімде өзара байланысын, біз өсімдіктер мен жануарлар әлемінде бақылаймыз» атап өтті [1. 4 б].

Композиция танымына өнертанушы М. Алпатов, «Композиция нақты өмір құбылыстарының негізінде алынған. Композиция туралы тек өнерді ғана емес, табиғатты да айтуға болады. Табиғат құрылысына еліктей отырып және онымен дами отыра, адам композицияны көркемдік шығармашылықтың негізі, өзінің шындыққа деген көзқарасын білдіру құралы ретінде қарады. Композиция адамның қолында өзіндік таным мен табиғатты бағындыру құралы болып табылады» [2].

Е.В. Шорохов «табиғат әлеміне тән композициялық бастаулар (тұтастық, симметрия, ритм) өнерде ерекше, арнайы түрде болады» дейді [1.4б].

Қол өнер шеберлеріміздің нысан пішінін, оны безендіруде ою өрнек көркем бейнесінің композициялық ұйымдастыру тәжірибесі жөнде көптеген зерттеуші Ә. Х. Марғұлан, И.В. Захарова, М.Ш. Өмірбекова, Ө. Жәнібеков, Қ. Ақышев, С. Қасиманов ғалымдарымыз ұлттық өнеріміздің тарихын зерттеп елеулі үлес қосты. Ғалымдардың тұжырымы бойынша үй жиһаздарының пішінін қалыптастыруға, қоршаған табиғат нысандарын қолданды. Бұл зооморфты (жануарлардың пішіндері) мотивтер түрінде болды. Шутемова Е.А. «метафоралық тасымалдау принциптері көркемдік қағидалардың бір бөлігі болып табылады. Оларды өз жұмыстарында суретшілерде қолданған» деп толықтырды [3]. Демек метафоралық тасымалдау, стилизациялау қолөнер шеберлеріміз өз туындыларында да қолданылған. Жиһаз дайындауда қол өнер шеберлеріміз табиғат нысандарын жиһаз пішінде ғана емес оны ою-өрнекпен әшекейлеуде өте шеберлікпен пайдаланды.

Жиһаздың негізгі композициясын, конструкциясын, құрылымының қасиеттерін анықтауды этнографиялық деректерден жиһаз негіздеріне сүйене отырып анықтаймыз. Соның ішінде қазақ халқының ерекше ұлттық жиһаздарының бірі «Төсек ағаш». Ғалым этнограф Арғынбаев Х. «ел арасында «төсек ағаш», «төсеағаш», «кереует», ал кейбір көркемдік ерекшеліктеріне қарай «сырлытөсек», «күмістелген төсек», «сүйектелген төсек», «оюлы төсек» деп атауларын анықтады [4]. Жиһаздың пішін табудағы композициясына тоқталсақ, пішіні зооморфтық мотивтер бағытында орындалған, орыс ғалымдары С.М. Дудин мен Е.Р. Шнейдер зооморфтық мотивтегі әртүрлі ою-өрнектер мен элементтер атауларының көп санын белгілеп, соның ішінде қошқар мүйізді бейнесіне екі біріктірілетін (немесе бірікпейтін) спиральды түріне толығырақ тоқталған. Осы аталған қошқар мүйіз жиһаз пішінімен әшекей оюларда кездеседі. Төсек ағаш жиһазының пішіні жануар тұлғасы түрінде орындалған, екі басы қайқылау келген пішіні жануарға ұқсатылған төрт сирақты түріде кездеседі. Екі басы қайқылау келетін алты, сегіз сирақтысы немесе екі басы тік келген төрт сирақты пішіндегі кереует түріде бар. Ленталы әшекейде аяқтары безендіріліп ерекше көркемдік беріп тұр.


«Ағаш төсек» композициясы, орталық симметриялы пішін композициялық шешімнің мәнерлілігі мен нысанның тепе-теңдігін арттырып тұр (Сурет 1). Жиһаз композицияда симметриялы ұйымдастыру массасымен, реңімен, түстері және пішінімен теңдестірілген.

Бұл ретте бір жарты бөлік айнадай екінші бөлігімен ұқсас. Симметриялы композицияның айқын әсерлі орталығымен ерекшеленеді. Орталық айқын ою-өрнекпен тепе-теңдікті бұзбайды. Оюдың қайталануынан, ырғақ пайда болды. Жиһаз нысанында түс пайдалану аркасында негізгі композициялық мәнерлігін айқындатады.



Сурет 1 – «Симметриялы бір осьті композиция» жиһаздың композициялық мәнерлілігін күшейту үшін осьтерді қолдану

Ырғақ біркелкі және баламалы болып, әшекей ауыспалы бөліктері орталықта бірдей қашықтықта әртүрлі пішінде орналасқан. Бұл әдіс композицияның алдынан қараған (фронтальды) бетінде орналастырылып, көрерменнің көңілін аудартып тұр. Нысанның орталығын көрсетіп ерекше назар аударту үшін акцент әдісін қолданған. Акцент жиһаздың фронталь жазықтығының көлденең өсінің бойымен орналасқан әшекей ою-өрнек түрінде қолданылған (Сурет 2).



Сурет 2 – «Ырғағы қайталанып келе жатқан бірдей формалар» композицияда ырғақты пайдалану

Төсек ағаштың өлшеміне тоқталсақ, биіктігі – 50 сантиметр, ұзындығы – 190 сантиметр, ені – 80 сантиметр шамасында болған. Төсек ағаш жиһазының атқаратын қызметі (функциональдылығы) демалып жату үшін адам мөлшеріне (пропорциясына) және киізүй кеңістігіне сәйкес ұйымдастырылған.

Жиһазды орындау кезінде аталған байланыстарды заманауи антропометрия, физиология, инженерлік психология, жиһаздың өлшемі мен пішінін қалыптастыру үшін негіз болып табылатын эргономика ережелерін сақтай білген.

Төсек ағаш орындауда мынадай эргономикалық талаптарды сақтаған:

- антропометриялық талаптар, тынығуда адам денесінің өлшемін және физиологиялық тұрғыдан ұтымды сипаттайтын талаптар;
- гигиеналық талаптар, адамның жиһазбен және қоршаған ортамен өзара әрекеттесуінде адамның өмір сүру мен демалысында гигиеналық жағдайын сипаттайды;
- жиһаздың адамның психологиялық сипаттамаларына сәйкестігін анықтайтын психологиялық талаптар;
- адамның физиологиялық қасиеттеріне сәйкестігін анықталатын физиологиялық талаптар, (мысалы, қан айналысының қалыпта болуы);
- жиһаздың адамның сезім органдарының жұмысына сәйкестігін анықтайтын психофизиологиялық талаптар, (мысалы, бояу түсінің психофизиологиялық әсері);

Қолөнер шеберлеріміздің еңбектерінен эргономиканы сақтай отырып адам жағдайын қамтасыз ете, қолайлы жиһаз жасай білгенін байқаймыз.

Төсек ағаш жиһазының келесі қарастырылатын сипаты үйлесімділігі. Үйлесімділікті (гармония) орындау үшін жекелеген бөліктерді топтастырып, ішкі тепе теңдікті сақтау да дара бөліктерді біріктіріп, ауысу жіктерінің үйлесімділігін, өз ара және орта мен байланысын, заттың масштабын белгілеуде, бөлшектердің өлшемін анықтауда композициясының негізгі әдісі пропорцияны пайдаланған. Бұл композициялық қажетті сапа беретін тәсілдерді жиһаз шығармашылығында шебер қолданған. Жиһаздың масштабы-өлшемі мен оның бөлшектері арасындағы байланысты жасалған. Нысан мен адам пропорциясы сәйкестеліп, оған мөлшері, құрылымдық бөліктері, пішіні және жалпы сыртқы көрінісі анықталған. Нысанда пропорциямен қатар, түстің, реңнің, контрасттың және нюанстың секілді композиция әдіс тәсілдерін жетік пайдалана шебер шығармашылық қабілетін тәжірибеде пайдаланған.

Төсе ағаш жиһазының түстік қатынасын табудағы композициясы ерекше.

Әрбір түстің адамға физиологиялық және психологиялық өзгеше әсері бар екені, ғылымда белгілі. И.В. Гете «Түс тікелей материалдық дүниеге әсер етеді. Түстің түрліше әсері адамды түрліше күйге келтіреді» деген анықтама берген. Ол өзінің әр түске берген анықтамасында түстің адамға түрлі психикалық көңіл-күйін беретінін айтқан.

Түстердің эмоциялық әсер етуі ассоциацияларға байланысты: көгілдір түс аспанмен ассоциацияланады, жасыл-көк шөппен, көгілдір-жасыл сумен, сарғыш қызыл отпен. Түстер адам организміне де физиологиялық әсер туғызады. Жылы аймақта тұратын халық болғандықтан, көзге түсетін түстер, оны өздерін қоршаған табиғаттың түрлі – түсті палитрасымен түсіндіруге болады. Жиһаз түсі ұлттық дәстүрмен де байланысты, темпераменті күшті ашық, қуанышты білдіретін жылы аймаққа қоныстап ауыспалы сезім білдіреді.

Жиһаздағы түстердің реңі, қанықтылығы, жарықтылық, ашықтық, түстердің бір-бірімен бейімделуі, түстер қарама-қайшылығы мен гармониясы адамға психофизиологиялық әсер етуші факторлары болып табылады. Жиһаз түстері жақсы көңіл-күй мен белсенділікті арттырып, кеңістікте нысан пропорциясын және өлшемдерін өзгертіп, тұтастығын сақтап тұр. Түс қабылдаудың осы мүмкіндіктерін пайдалану арқылы нысанда алдыңғы көріністі айқындаған.

Ортаның түсті шешімін орындауда, оның композицияда анықтағыш және қозғаушы негізгі фактор жиһаз болып табылады, оның түсі негізінен бұйымды құрайтын материалдардың сәндік-көркемдік қасиеттеріне байланысты болады. Ағаштың сәндік және көркемдік қасиеттері, жиһаздың негізгі материал ретінде, түсімен қатар текстурасымен ерекшеленіп жиһаз киіз үй бұйымдары ішінде ерекше орын алып тұрады.

Шеберлер Төсек ағаш жиһазын жасауда, конструкциясы мен композицияларды қолданумен қатар, безендіру саласы ерекше таң қалдырады. Басты ерекшелігі, безендіру жұмысының құрылымы мен материалдық құндылығы жиһаздың функционалдылығына кері әсер етпейді. Сонымен қатар, оның сыртқы көрінісі осы нысанның пайдалану ерекшелігін де көрсетіп тұр.


Сәнді әшекейлер, заттың құрамдас бөлігі - композицияның қағидаларына негізделген қарапайым көркемдік құрылым. Осындай сәндік әшекейлерді зерттеуде оның мағынасы мен композиция техникасының мәнін, маңыздылығын көре аламыз.

Ою-өрнектер жануарлар дүниесінің нысандарын ұқсатудан туындаған. Жиһазға табиғи әшекейлерді салуда, симметрияның нақты пайдаланғанын байқаймыз. Жиһазда әшекей бір жарты бөліктен, екінші жарты бөлікке қайталанып, айна симметриясын пайдаланғанын көреміз.

Жиһазды сәнді әшекейлеудегі ою өрнек бейнелеу сипатына қарай сюжетті ою-өрнек композициясына жатады. Себебі жануарлардың, өсімдіктердің бейнесін сомдаған. Орталық осьтен тігінен және көлденең айна симметриясы түрінде қайталануда. Бірнеше қайталанатын бөлшектер және олар бір нүкте айналасында жиналып, бұл орталық симметрияның үлгісінде орындаған. Бұл көбінесе гүлдер секілді орталық симметрияда әрбір бөлік екі айна-симметриялы бөліктерден тұрады (Сурет 3). Ою-өрнек ауада ілулі емес, ол нысанмен

байланысты, нысанда немесе оның бөліктерінде орналасқан, заттың мөлшері мен пішініне байланысты. Ою-өрнек жиһазбен тұтас, белгілі бір көркемдік және композициялық талаптарына байланысты орналасқан.

Осылайша, ою-композициялық шарттармен жиһаздың безендірілуі, оның бөліктері симметрия мен ырғаққа негізделген тәртіпте бір-біріне байланысты. Ою раппорт (өрнектің бірнеше қайта қайталануы) мәнерімен, яғни бірдей бейнелердің ритмикалық немесе симметриялық ауысуы және қайталануын пайдаланған.



Сурет 3 – Қошқар мүйіз ою өрнегі

Сәндік композициялар ою түрінде болып жазықтық бетін толтырған. Орталық сәуле симметриясына негізделген әшекейлер розетка түріне тән. Әшекейлер жазық немесе розетка түрде қайталануда. Ою-өрнекті салуда композицияның ең ерекше түрінің бірі контрасты жақсы қолдана білген. Түстердің, реннің немесе рельефтің түрлерімен пішін айырмашылығына қол жеткізген. Ою-өрнектің құрылымы ойластырылып, оңай оқылып, композициялық түрде ұйымдастырылған, ол негізгі және бағынатын бөліктерді бөліп, жекелеген бөліктердің маңыздылығын анықтаған, контрасты деңгейі шешілген.

Рельеф жазықтықта біріктірілген, алдыңғы бетте көлемдік-фронталь композицияда орындалған. Жиһазда көлемді-фронталдық композиция негізгі қасбет бөлігінде қолданылған (Сурет 4).



Сурет 4 – Рельефті көлемді-фронталды орындалған ою өрнек

Жиһаздағы ойылған әшекейлердің ерекшелігіне тоқталатын болсақ, онда ою-өрнек түрінде жасалған әшекей өнімнің құрылымына қайшы келмейді. Жиһазға орналастырылған, ою-өрнек пішінге бағынып, оған сәйкес келуде. Жиһаздағы ойылған ою мәнерлі. Массивті орындалған және терең ойылған әшекей ою жұмыс нысанның құндылығын айтарлықтай артады. Оюды ойып жасаудан, жиһаз сәнді әрі мәнерлі болып тұр, ол композицияда негіз болып табылатын жиһаздың құрылымы мен мақсатын артта қалдыруда.

Қорытындылай келе жиһаз жасау өнерінде қол өнер шеберлеріміз композициялық әдістерді жетік қолдана білген. Оған дәлел жоғарыда айтылғандай, шығармашылықта қоршаған ортадан таныммен, композициялық ойлаумен оның ережелері және заңдылықтарын сақтап орындай, өз ұлттық нақышта көркем бейнесін аша білгеніне көзіміз жетті. Мақалада бейнелеу өнеріндегі композициялық әдістерді «Төсек ағаш» жиһазын орындауда қолөнер шеберлеріміз тәжірибеде ұтымды қолданғаны қарастырылды.

Мақаланың маңыздылығы қол өнер шеберлеріміздің жиһаз нысанын орындауда негізгі композициялық заңдылықтарын анықтау арқылы, көркемдік образды құрайтын, ұлттық жиһаз бұйымдарын көркем құрастыру әдістемесін одан әрі жетілдіруге ықпал етеді.

Жиһаздағы композициялық заңдылықтарға қатысты Көркемдік бейненің өзгеру динамикасын ашу дизайн нысандарын жобалау кезінде осы білімдерді барынша толық, тиімді және негізде пайдалануға мүмкіндік береді. Ұлттық жиһаздың мәдени-тұрмыстық бұйымдарының дамуына жасалған композициялық талдау дизайнда ұлттық жиһаз пішін орындауға жалпы теориялық және практикалық зерттеулерде пайдалануға болады.

Қолданылған әдебиеттер тізімі

1. Шорохов Е.В. Композиция. –М.: Просвещение,1986.– 207с.
2. Алпатов М. В. Композиция в живописи. - М.-Л., 1940.– 37с.
3. Шутемова Е.А. Художественные принципы формообразования в дизайн-проектировании // Вести. ОГУ. 2012. №1(107), янв. С.28–34.
4. Арғынбаев Х. Қазақ халқының қолөнері. – Алматы: Өнер баспасы, 1987.– 35б.
5. Құдабаева К.И. «Сәндік-қолданбалы өнерді оқыту теориясы мен технологиясы». Оқу құралы.- Қарағанды: «Санат» баспасы, 2005.